

азаттық қозғалысының жетекшісінің елге адал болғанын айғақтайды. Оның бүкіл өмірлік ұстанымы – халқының саяси және ұлттық-мәдени жаңғыруы үшін қызмет жасау болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы. Шығармалар. / Құрас. Рүстембекова Р.Б. – Алматы: «Мұраттас» баспасы, 1995. – 183 б.
- 2 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 3 Бейсенбекова Н.А., Смағұлова Г.М., Шотбакова Л.К. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы: монография. / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбакова. – Қарағанды: Гласир, 2016. – 198 б.
- 4 Асылбеков М.Х. , Сейтов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно- политический деятель и учёный. – Алматы, 2003. – 148 с.
- 5 Козодой В.И. Алихан Букейханов: человек-эпоха. – Новосибирск, 2021. – 312 с.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Таубаева Г.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С. Қ.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
taubaeva2003@mail.ru

Ұлы даламыздың мақтан тұтар ұлы ойшылдары, данышпандары, хас батырлары өздерінің есімдерін тарихта алтын әріппен қалдырғаны белгілі. Сол батыл да, батырларымыздың бірі де, бірегейі, халқымыздың ұлы перзенті – Бауыржан Момышұлы екендігі белгілі.

Бауыржан Момышұлы – 1910 жылдың 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау қонысында, малшы отбасында дүниеге келген. 1982 жылдың 10 маусымында Алматыда дүниеден озған. Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. 13 жасына дейін ауылда тұрып, одан соң интернаттарда тәрбиеленді. Мектеп бітіріп, біраз уақыт мұғалім болып қызмет атқарады. 1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игереді. Ауылға оралған соң, қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 жылы қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 жылы генерал – майор И. В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316 – атқыштар (8 - гвардия) дивизиясының құрамында майданға аттанғаны мәлім. Сұрапыл соғыс жылдарында Бауыржан Момышұлының ерлік жолы, Отан қорғаудың және Отансүйгіштіктің барша үлгісін көрсетті.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясына зер салсақ, Бауыржан Момышұлының ерен ерліктерінің куәгері боламыз. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескелескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шайқасқа бастап шығып, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылады. Ресейдегі Волоколамск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крюково, Бородино, Трашково, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Жауынгерлердің соғыс кезінде дұрыс шешім қабылдай алуы үшін педагог – психологта бола білді. Әрбір шайқасқа шығар алдында барлығын жете бақылап, жоспарлай отырып, түрлі тактикаларды қолданды.

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. [1, 202-203 б.].

Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, әрекеті – өнеге, жазып қалдырғаны – өнеге. Бауыржан Момышұлының бар мақсаты: өзінің атын қалдыру емес, ұлтты сақтап қалу, ұлттық белгі – тілді сақтап қалу, ата-баба дәстүрін сақтап қалу. Сол игі құндылықтар өлмесе, тарихта аты қалмаған халқының жабдықтаушысы болуға дайын екенін ұқтырады. [2, 50 б.].

Бауыржан атамыз халқымыздың тек қана батыры емес, халық жанашыры десек, еш қателеспейтініміз анық. Себебі патриоттық сезімді оятатын шығармалары мен даналық сөздері жетерлік. Сол шығармаларда сөз төркінін түсінетін әрбір пендеге берері де мол. Ал Бауыржандай атамыздың мұрасын оқу және келешек ұрпаққа жеткізу, ол біздің – парызымыз деп білемін.

Бәукең мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін танытып, Құттықтау хатқа орнынан тұрып құрмет көрсетті. Ал өзгелер оны жасамады. Бәукең соған шамданды. Майдан отынан шыққан батыр, етігімен қан кешкен батыр Мемлекеттің не екенін, Отанның не екенін басқалардан артық сезінетіні анық көрінді. Өзге зиялылардың бұған өресі жетпеді. Бұл мен үшін үлкен сабақ болды. Отанды сөз жүзінде емес, іс жүзінде құрметтеуді не екенін Бауыржан үлгісінен аңғардым, - деген ой-пікірдің өзі қандай ғанибет. [2, 411 б.].

Бәукеңнің тағы бір сабағы еді: адам болам десең, өз тіліңмен шектеліп қалмай, көп тілді үйрен. Ал өз тілінде – сөйле және туған тілінде сөйлеуге арланатындарға кешірімсіз бол дегендей еді. Бұл реттегі Бәукеңнің сабағын ұлы Абай Байтұрсыновтың кезінде: «Орыс школы мен татар школында оқыған қазақтар өз тілін менсінбейді. Сөйлесе – қазақ тілін елемегенсиді, жазса – қазақ тілін елемегенсиді. ...Бұлай ете берсек, қазақ тілінен де, оның иесі болып отырған ұлттан да айырыламыз», – деген толғанысының жалғасындай көрінді.

Ал Бауыржан Момышұлының нағыз сабақтары – оның кітаптарында. Олардан ұлт қамын ойлаған даналық та, келешектің қамын жеген көсімдік те, күнделікті жаназығы – адамгершілік те – бәрі, бәрі табылады. [2, 412 б.].

Бауыржан тақырыбына қалам тарту үшін үлкен ерлік, батырлық керек сияқты. Ол кісі көптің бірі емес қой. Қайталанбас қаһарман қолбасшы, біртуар Баһадүр батыр, үлкен ұстаз, терең психолог, әскери саладағы ғалым, қос тілді керемет жазушы, қазақ тілі мен мәдениетінің жанашыры, ұлтын ерекше сүйген, заманының ауыр жүгін арқалаған абзал азамат. Сондықтан Бәукеңнің осы қадір-қасиеттерін түсіне білген және оларды жақсылап көрсете білген адамдардың ғана ағамыз жөнінде қалам тартқанын құптаймын. [2, 16 б.].

Бауыржан атамыз жайлы қанша айтқанымызбен, әлі толық зерттеп біте алмаймыз. Себебі осындай ұлы тұлғамыздың өмірін, шығармаларын, берер рухани азықтарын жеткізу үшін қазіргі кітап, кинолардың өздері аздық етеді. Тек қана зерттеп қана қоймай, өмірлік сабақ алатын болсақ, тура жолдан таймайтынымыз анық. Сонымен қатар бізді Отансүйгіштікке тәрбиелейтінін білеміз.

– Халықтың жолымен жүрсең, ешқашан адаспайсың. Халықпен бірге болсаң, ешқашан жалғызсырамайсың, – деген ең басты өсиеті жадымнан шықпайды. [3, 233 б.].

Бауыржан Момышұлының қанатты сөздеріне тоқталсақ:

- Ана тілін білмеген –
- Ана сүтін татпаған.
- Ана үшін аянба – ант ұрады,

Бала үшін аянба – бетің күйеді.

- Әдіссіздік — әлсіздік,

Ептілік те ерлік.

- Ердің туы – намыс.
- Қайратыңа әдісінді жолдас ет,
- Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.
- Қой бастаған арыстан тобынан,
- Арыстан бастаған қой тобы артық.
- Командир – аға, солдат – іні.

- Намысты нанға сатпа.
- Ежелден ел тілегі – ер тірегі,

Адал ұл ер боп туса – ел тілегі.

- Ой жетпейтін жер болмайды.
- Отан үшін отқа түс - күймейсің.
- Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,

Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.

- Арлы адам – ардақты,
- Ар – ардақтың анасы.
- Ердің туы – намыс.
- Опасызда Отан жоқ. Отанда опасызға орын жоқ.
- Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды.

Бауыржандай алыбымызды ардақтай білуіміз қажет, ұлтымызға ұран болаған ұлы тұлғамызды мақтан ету әр перзенттің борышы.

Ал енді Бауыржан Момышұлының келесі ой-толғауларына тоқтала кетсек:

– Күллі қазақ әлемі өзінің болашағына секеледеніп қарап тұрғанын сенің түсінуің қажет, бірақ бұл туралы ой-пікірін ана тілінде айта алатын біреу табыла қояр ме екен?! Өйткені оның жан даусы мидай далада естілген жаңғырық сияқты ғана. Ана тілін баяғыда ұмытқан және бөтен тілде шүлдірлеген оның балалары оны естімейді әрі түсінбейді. Тіл дегеніміз – жүрегіңді шарпып жаныңды жалындататын от. Мен осындай оттың өшіп бара жатқанына қатты қиналамын. Сенен өтінетінім – өз халқыңнан ажырама. Мұны сенен өтініп отырғаным: сен халыққа керексің, өйткені саған халық тіпті қажетірек,

–... Бастық болу міндет емес, бірақ қазақ болу қазақтың міндеті, содан кейін адам болу керек» деген өсиетінің астарында үлкен тәрбие жатқанын аңғарамыз. Сонымен қоса қай нақыл сөзін, өсиетін алсақ, олардың мағыналары терең екенін түсініп қана қоймай, өмірде дұрыс бағыт-бағдар сілтейтініне көзіміз жетеді...

–...Тілді үйрену үшін, ең алдымен оның өмірге қажеттігін сезіну қажет. Сондықтан өзіңнің қазақ екеніңді түнде де, күндіз де ұмытпа тіпті түсінде де қазақша сөйле. Сонда ғана қазақ рухы жүрегіңде ұялап, ұлттық намысыңды оятады, ұлттық сезіміңді асқақтатып, өзіңді-өзің тануыңа жол ашады. Жұрттың күлгеніне мән бермей, қазақша үздіксіз сөйлеуден жалықпа. Айналаңдағылардың қарғысына қалғанша, сыни күлкісіне қалғаның жақсы. Өйткені халықтың қарғысынан күшті еш нәрсе жоқ... . [3, 234-238 б.]. Қорыта келгенде, Бауыржан Момышұлын тек батыр деп емес, жазушы, халық жанашыры, Отанын сүйген азамат, ана тілі мен ұлы даланың ұрпақтарының болашағына алаңдаған халқымыздың ұлы перзенті ретінде таныдық. Жазып қалдырған әрбір мұралары біз үшін үлкен қазына. Осы қазынамызды тереңнен түсіне білсек, камшының сабындай қысқа ғұмырда дұрыс жолды табатынымыз анық.

Егер де қазағымыздың әрбір жігіті Бауыржан атамыздан үлгі алатын болса, елімізді одан әрі гүлдендіретіне кәміл сенемін, әрі сондай азаматтарымыздың арқасында еліміздің егемендігі мәңгі болып, болашағы жарқын болады. Ал Бауыржан Момышұлының шығармаларын оқи отырып, біз рухани жағынан жаңғырып, тіліміздің де мәртебесі көтеріліп, қағаз жүзінде емес, іс жүзінде еліміздің алар белестері биік болады. Сондықтан қазіргі сәттен бастап білімге ұмтылып, ата-баба арманын орындауға қадамдар жасап бастауымыз керек!

Пайдаланған әдебиеттер:

1 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия 2 том / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. - 720 б.

2 Ахметов М., Құлахметов О., Шарахымбай Б. Аты аңызға айналған - Алматы: «Тоғанай Т», 2010. - 549б.

3 Момышұлы Б. «Ұшқан ұя». – Алматы: Атамұра, 2003. - 240 б